

23.03.2021 жыл. № 000059

**Жаңа инновациялық технологияларды
пайдалана отырып, білім сапасын арттыру**

ХАЙДАРОВ МИНАХМЕД ИБРАГИМОВИЧ
Түркістан қаласы № 16 Т. Бигельдинов атындағы
орта мектептің дене шынықтыру мұғалімі

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен

«Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

– белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс.

Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады.

Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады.

Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын.

Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді.

Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді.

Мысалы, дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым.

Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 6 сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты, сабақта биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындық пен дене шынықтыру пәндерінен құралған ойындар пайдаланылды.

Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым.

Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды.

Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Тәңертеңгілік бой жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ұлттық өнеріміз «Қара жорға» биін жаңғырту үстіндеміз, биді сергіту, тәңертеңгі бой жазу жаттығуларының орнына да пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиалық проектор арқылы 5«А» сынып оқушылармен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық.

Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің патриоты екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты. Сондай-ақ қатарынан үшінші жыл мемлекеттік тілдегі мектептердің 5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып жеңіпаздарды анықтап оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тынымды еңбектер атқару үстіндеміз.

Қала көлемінде Наурыз айында ұлттық мерекемізді насихаттау барысында «Төрт түлікке ен салу», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз.

Екінші жыл аталып өтіп жатқан облыстық ұлттық ойындар фестиваліне қатысып асық ойынының «Шыр» түрінен топтық есепте жүлделі ІІ орынға ие болып қаламыздың қоржынына ұпай әкелдім.

Бұл ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастырылуы, тұсауы кесілуі ұлтымыз үшін үлкен жетістік деп білемін.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткіздім. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп, әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді.

Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:

- Салт - дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы, ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығы;

Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады?

Сабақ барысында:

Алдымен оқушының «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Оқушының «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет.

Оқушының «Қайда?» деген сұрағына: Оқушының және ұстаз арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет.

Өзімнің 6-сыныптарға өткізген «Акробатикалық жаттығулар» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады.

Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет.

Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
 - Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
 - Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;
- Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет.

Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп.

Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор.

Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді.

Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты.

Жаңа идеяларды еңгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын,білімін арттыру.
6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.

Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесі:

- 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
- 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

23.03.2021 жыл. № 000055

Отбасы мен балабақша сабақтастығы

ТУРЕКУЛОВА ЗАРИНА АБАЕВНА

ШҚО, Қурчатов қаласы "Күншуақ" бала бақшасы КМҚК

Педагог –психолог

Бүгінгі заман талабы жас ұрпақты парасатты, саналы етіп тәрбиелеу.

Бұл тұрғыда отбасы мен балабақша тәрбие жұмысын ынтымақтаса жүргізсе ұрпақ тәрбиелеу ісінде көздеген мақсатқа жетуге болады.

Бала қашанда балалығын көрсетеді. Сондықтан оларға әрдайым ата-ана, тәрбиешілер тарапынан қамқорлық қажет. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ержетіп, азамат болуына, олардың жанына азық, бойына қуат, өнеге беретін аялы алтын діңгегі – ата анасы. Ананың, ұстаздың шеберлігіне қарай бала бойында ұстамдылық, нәзіктік, кішіпейілдік қасиеттер қалыптасса, әке қамқорлығы арқылы еңбекқорлық, батылдық, азаматтық, табандылық қасиет қалыптасады. Сондықтан да ата-ана да, ұстаз да өз жүрегінің тебіренісін, жай-күйін бала сезіміне әсер ететіндей жеткізе білуге тырысқаны жөн.

Баланың тұлғалық әрекетінің дамуы үшін отбасымен бірге эмоционалды жағдай туғызу, психологиялық жағынан кедергісіз жетілуін қамтамасыз ету қажет. Отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып, балаларды әлеуметтік ортада қарым-қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасаған жөн. Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат-мұаттарының ең бастысы – өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі олардың келешегін берік ететін басты фактор болып саналады.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Отбасы тәрбиесіндегі ең маңызды мақсаттардың бірі – баланы айналаны тану, сезіну, қабылдау, түсіне қарай таңдау, әсерлей білу, өзіне мақсат қоя білуге баулу.

Өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы тамаша көріністерден жан азығын алып әсерлене білуге үйрету. Білімге, білуге, құштарлыққа, әсемдікке, талғампаздыққа тәрбиелей отырып, баланы болашақ білім ордасы мектепке дайындау. Педагог ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасындағы өнегеге тікелей байланысты.

Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану – отбасы мен балабақшаның жаңа қарым-қатынасын нығайту.

Бұл қарым-қатынастың жаңашылдығы «ынтымақтастық» және «өзара қарым-қатынас» деген түсінектермен анықталады. Балабақшадағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартында ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топтардың педагогикалық процесіне тарту мақсатында олардың өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету қажеттілігін ұсынады.

Мектеп жасына дейінгі мекеменің отбасымен өзара қарым-қатынасының барлық нысандары мен түрлерінің негізгі мақсаты балалар, ата-аналар, педагогтар арасында сенімділік қатынасты орнату, оларды бір командаға беріктіру, өздерінің проблемаларымен бөлісу және бірлесіп шешу қажеттілігіне тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі мекеме педагогтары мен ата-аналардың өзара сабақтастығы мен серіктестігін мынадай жұмыс бағытында іске асыруға болады; іс-әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу, әртүрлі үйірмелер;

- балалардың шығармашылық жоспарларын іске асыруға жағдай жасау;
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Ата-аналар ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу арқылы өз балалардың оларға тән емес ортадағы қылығын, басқалармен қалай араласатынын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан қалып қойған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады.

Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады.

Сонымен қатар олардың ұсыныс-тілектерімен санаса отырып, түрлі тақырыптағы әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысындағы тәжірибе алмасу жөніндегі конференциялар, педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалыда нәтижелі болмақ. Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жанашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

25.03.2021 жыл. № 000068

Жеке тұлғаның танымдық қызметін дамыту жолдары

ПАХИРДИНОВА МАНЗУРАМ МАРЛЕНОВНА

Алматы қаласы Түрксіб ауданы № 44 мектеп-гимназия

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде, оқу процесінде өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің, нарықты экономика кезеңінің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін керек ететіні белгілі.

Қазіргі таңда біздердің, қазақ тілі мұғалімдерінің, мойындарында ауыр жүк жатыр-өскелең ұрпақты жоғарыдағыдай талаптарға сәйкестендіру.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтары балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Демек, мектептегі оқыту үрдісі оқушының танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекеттерін дамытуына жол ашуы қажет.

«Танымдық қызығушылық» жөніндегі ой-пікірлер қазіргі кездегі педагогикалық теориялар мен тәжірибелердің ашқан жаңалығы емес.

Оның негізі философиялық және педагогикалық ілімдерінде жатыр. Мен өз жұмысымда Сократ, Платон, Әл-Фараби еңбектерінен бастау алып, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш. Құдайбердиев, Л.В. Занков, Л.И. Божович т.б. психолог-ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алдым.

Соның негізінде, танымдық қызығушылықты арттыру мақсатында сабақтарды жаңа технологиямен ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Оқытушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны ұйымдастыра білуі, танымдық іс-әрекет түрлерін таңдап, оны жоспарлай білуі, ізденімпаздығын арттыру қазіргі кездегі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Оқытушы қызметінің мәні жас буынның санаткерлік, адамгершілік және дене күштері мен қабілеттерінің үйлесімді дамуының талаптарымен анықталатын білім мазмұны шеңберіндегі шәкірттің оқу-танымдық іс-әрекетін басқару болып табылады.

Оқытушының басқару іс-әрекеті өзінің және оқушының іс-әрекеттерін жоспарлаудан, осы іс-әрекеттерді ұйымдастырудан, оқыту сапасын талдаудан, оқушының жеке тұлғалық дамуын болжаудан т.б. тұрады.

Оқытушы өз қызметін шебер ұйымдастыра отырып, оқушының да танымдық іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлап, оны оңтайлы ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін үйретеді.

Менің бірінші сабақтарымнан, оқушыларды бақылауымнан кейбір оқушыларға қазақ тілін үйрену қиын да қызықсыз екенін аңғардым: пәнге деген қызығушылық жоқ екені жиі кешігуден, сабаққа дайын болмағаннан, үй жұмысын орындамағаннан, сабақта белсенділік танытпағандарынан байқалды.

Тілге деген қызығушылықтарын, сабақтың тиімділігін дамыту керек болды. Ал оқытылған материалға деген танымдық қызығушылықты арттыру үшін тақырыпты оқытудағы әдіс-тәсілдердің, инновациялық технологиялардың орны ерекше. Сондықтан мен әрбір сабақтың мақсатын қоюдан бастап тақырыпты түсіндірудің әдіс-тәсілдерін жақсылап ойластырамын.

Сабақты балаларға соғұрлым қызықты етіп беруге тырысамын. Мәселен, тақырыпты қайтала не бекіту мақсатында «Кірпіш» ойынын пайдаланам.

Осы ойында отырған балалар қатысушы 3-4 оқушыға кезек-кезек сұрақтар қояды, ал қатысушылар сол сұрақтарға соғұрлым тез жауап береді де бір кірпіштің өлемінен алға жылжиды. Мәреге бірінші келген оқушы жеңімпаз атанады. Бұл ойынның жағымды жақтары өте көп: оқушылардың барлығы қатысады, ауызекі сөйлеу тілі, ойлау қабілеттері дамиды, білім негіздерін жаңғартады, танымдық қызығушылықтары артады (ойнау).

Сондай-ақ тіл дамыту уақытында әртүрлі әліпбилік жұмбақтар жасыру өте тиімді. Оқушыларды төл дыбыстарды дұрыс айтуға, төл дыбыстары бар сөздерді есте сақтап дұрыс жазуға дағдыландырады.

Мен өзімнің тәжірибемде оқушыларымның танымдық деңгейлерін арттыру мақсатында әртүрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы көп болмаса да, бірақ жетістіктерге жеттім.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі деп осыны айт. Осыған орай менің пән бойынша мәселем де: «Қазақ тілін оқыту барысында инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық деңгейін дамыту» деп аталады.

Оқушының танымдық деңгейін дамытудың үш факторы бар, бұл- мектеп, қоғам, отбасы. Баланың оқушы кезіндегі танымының дамуына, біздің, мектеп өкілдерінің қызметі орасан зор.

Сондықтан сабақ бергенде түбінде оқушыларымыз терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға болып даму үшін оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда мен өз тәжірибемнен жаңашыл мұғалімдерге мынандай негізгі ұстанымдарды атағым келеді:

Сонымен, мұғалім білімді болса, білімге оқытқан уақытта тиімді әдіс-тәсілдерді қолданылса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы.

Солай болған соң, ең әуелі, қазіргі заманға бәсекеге қабілетті білім беретін жаңа мектепке керегі-білімді, жан-жақты, басқаға үлгі болатын жаңашыл ұстаз.

Міне, Елбасымыздың «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деген мақсатты жүзеге асыру үшін ауылға маман болып келген мен өзімді жаңашыл ұстаз деп есептеймін.

* * * * *

25.03.2021 жыл. № 000069

Армысың, Наурыз!

КОЖАМЖАРОВА АҚШАБАК ЖУМАБЕКОВНА

Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Көкалат ауылы

Албарбөгет орта мектебі «Балапан» I кіші тобының тәрбиешісі

(Балалар әуенмен залға кіреді).

Тәрбиеші: Балалар көктем мезгілінде жер қарайып, күн жылынады, тіршілік атаулының барлығы оянып, құлпырып жайнайды. Көктем мезгілімен бірге Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі де бірге келеді. Наурыз мерекесі қазақ халқының жаңа жылы «Жыл басы Наурыз» деп санаған.

Жер әлемді жайнатып,
Әнші құстарды сайратып,
Наурыз тойын тойлатып,
Ұлыс келді ағайын.

Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Балапан» тобының дайындаған «Армысың, наурыз!» атты мерекесіне қош келдіңіздер! Наурыз мерекесі бәрімізге бақ-береке әкелсін!

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп- тегіс жұмыр келсін айналасы,- деп Абай атамыз жырлағандай, бүлдіршіндеміз Наурыз жайында өлең оқысақ деп отыр. Ортаға: бүлдіршіндерімізді шақырамыз.

Құрманбек Зере:

Наурыз тойын тойлаймыз,
Жалқау бала болмаймыз.
Бөбектерді жұбатып,
Үлкендерді сыйлаймыз.

Қозыбай Айжұлдыз:

Ата менен анаң бар,
Үлкен-кіші балаң бар.
Наурыз тойы басталды,
Бәрің бері қараңдар.

Күмісбек Жәния:

Наурыз тойы- береке,
Наурыз тойы-жыр аңыз.
Қызық думан мереке,
Қызық думан құрамыз.

Ораз Жанель:

Қош келіпсің Наурыз,
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың.

Күмісбек Раяна:

Бәйшешек гүл ашады,
Мұздар сайға қашады.
Құстар ұшып келеді,
Бізге ән сап береді.

Құрманбек Заңғар:

Сені тойлап қарсы алып,
Бар әлемге жар салып.
Сәлем бердік, біз сізге,
Құтты болсын мереке.

Тәрбиеші:

Наурыз келсе құт келгені халайық,
Тамашамен ел көңілін табайық.
Ұлыстың ұлы күнін сағындырған,
Есік ашып, шашу шашып,
Ел боп қарсы алайық.

Шашу шашылады.

Ән: Қозыбай Айжұлдыздың орындауында «Ботақаным» қабыл алыңыздар!

Тәрбиеші:

Бүлдіршіндер, келіңдер
Ойын ойнап көрейік.
Ғажайыпқа еніңдер,
Салт-дәстүрді білейік.

- Балалар, Наурыз мерекесінде қазақтың ұлттық ойындары ойналады. Сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

- **Балалар:** күш сынасу, арқан тарту, көкпар, бәйге, қыз қуу.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, балалар! Қазір біз сендермен қазақтың ұлттық ойыны «Арқан тартыс» ойынын ойнайық.

Тәрбиеші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем әнмен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

Ән «Наурыз» .Күмісбек Жәнияның орындауында қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші:

Кең даланың ежелгі,
Қазақ дейтін халқымыз.
Өзге ұлттай біздің де,
Бар дәстүр мен салтымыз.

Балалар мұқият тыңдайықшы бізге қонаққа әжелеріміз келе жатыр екен. Қол соғып ортаға шақырайықшы.

Жаңагүл әже:

Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Ұлы той құтты болсын!

Гүлбаршын әже:

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Деніміз сау, мықты болсын!
Еліміздің несібесі көп болсын!
Ұрпағымыз көбейіп көп болсын!

Гүлбаршын әже: Наурыз көжемен таныстырады. **Наурыз көже таратылады.**

Жаңагүл әже: «Тұсау кесу» салт – дәстүрін көрсетеді.

Анасы:

- Апа, апа сізді осы ауыл болып құрметтейді, сізге ұқсағымыз келеді Қазақтың тұсау кесу рәсімі бойымша қызым Жасминнің тұсауын кесіп беріңізші,-деп Ұлыстың ұлы күніне арнайы ырым етіп, тілек айта келдім.

Жаңагүл әже:

Баланың тұсауын 3 (үш) түрлі тілекпен кеседі.

➤ **«баланың тұқымын шөптей көп болып өсіп өнсін» деп көк шөпті тұсап кеседі.**

(Бисмиллә-рахманир-рахим деп тұсауын шөппен кеседі).

➤ **«Малы көп болсын, әрі семіз, күйлі болсын» деп аяғын тоқ ішікпен кеседі. (Көрсетеді)**

➤ **«Адал болсын, біреудің ала жібін аттамайтын «шыншыл болсын» деп тұсауын ала жіппенен кеседі. (Көрсетеді).** Жасминнің алдына нан жіне кітап қояйық немерем кітап алса білімді, ақылды болады. Ал нан алса қарны тоқ болады деген сөз. Қане, көрейік немерем қайсын алады екен.

«Жүгіре қойшы құлыным,

Желбіресін тұлымың.

Елгезек бол ерінбе

Ілгері бас ерінбе» - деп тілек айтады.

(Тұсауын кескеннен кейін баланы ақ жаймақ немесе қалың кілем үстімен «жолың жұмсақ болсын деп жүргізеді).

Музыка ырғағымен, тұсауы кесілген баланың әуен ырғағымен әндетеді:

Тәй, тәй, тәй, қаз, қаз, қаз,

Аяғын апыл-тапыл басқанға мәз,

Шаршаймын белім талып, әсіресе,

Ойнатып жетелеумен жүрсем біраз.

Тәрбиеші:

Жауынмен жер көгерер,

Батаменен ел көгерер, - дегендей, ендігі кезекте әжеміздің тілек батасын алайық.

Әже:

Жас Ұрпақ өнерлі болсын,

Ата-анаға мейірлі болсын.

Өнерге білімге зейінді болсын,

Ел қорғайтын батыр болсын.

Шындықты айтар ақын болсын,

Он саусағы майысқан шебер болсын,

Абыройы өрлесін, жаманшылық көрмесін, Аумин!

Қонақтарға сый-сияпат көрсетіледі.

Тәрбиеші: Бүгін ақ түйенің қарны жарылған күн.

Ән: Құрманбек Зеренің орындауында «Бала тілегі»

Төлеухан Айжұлдыз:

Қызыл гүлді жұлмаймын

Табиғатты қорғаймын

Мен әдепті бала боп,

Үлкендерді сыйлаймын!

Ғарыпжан Айбике

Аман болсын халқымыз

Арта берсін даңқымыз

Бәрінен де жасасын

Қайта оралған салтымыз!

(Орындарынан тұрыпбір-біріне сый ұсынады, қызға моншақ, балаға –бет орамал)

(Әжелер қоштасып кетеді.)

Тәрбиеші:

Енді ортаны баршаңызға ашайық,

Көрерменге жырдан шашу шашайық.

Ән мен күйді, жыр мен биді шалқытып,

Өнерлермен інжу-маржан шашайық.

Ортада Қара жорға биімен бүлдіршіндерімізді қарсы алайық.

Тәрбиеші:

Кең болсын қазағымның керегесі,

Кетпесін алла берген берекесі.

Алаштың ұрпағына нәсіп болған,

Құтты болсын наурыз той мерекесі.

Құрметті қонақтар және ата-аналар осымен «Армысың, Наурыз!» атты мерекеміз аяқталды. Келесі кездескенше бай-қуатты болайық ағайын!



25.03.2021 жыл. № 000070

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БҮГІНГІ МҰҒАЛІМГЕ ҚАНДАЙ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР КЕРЕК?

ҚОНЫСБЕК АЙДАРБЕК ОРАЗБЕКҰЛЫ

Шымкент қаласы "Болашақ" мектептің информатика пәні мұғалімі

Қашықтан оқытуға бет бұру барысында мені қызықтырған сауал дәстүрлі оқыту мен қашықтан оқытудың айырмашылығы емес, оның ұқсастықтары болды. *«Дәстүрлі оқытуға да, қашықтан оқытуға да ортақ қандай мақсаттар бар?»*. Менің ойымша, екі оқыту жүйесінің ортақ мақсаты жалпыға міндетті білім беру стандартын меңгерту. Қандай жағдай болсын мұғалімнің басты міндеті оқу бағдарламасын жүзеге асыру екені белгілі. Осы міндетті шешу үшін мұғалімге қандай құзыреттіліктер керек, осы мәселе төңірегінде ой қозғасам деп отырмын.

Қашықтықтан оқыту үдерісінің сапасы - ең алдымен мұғалімнің құзіреттілігіне тікелей байланысты.

Әдістемелік сөздікте *«Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі»* деп құзіреттілік ұғымына анықтама береді.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі миссияларының бірі оқушыларға ХХІ ғасырға қажетті дағдыларды дамыту екенін білеміз. Бұл дағдыларды игертудегі мақсат, оқушыны белгісіздік жағдайға бейімдеу. Демек, ХХІ ғасыр мұғалімінен де осы дағдыларды талап етіп тұр. Осыған дәлел әлемді шарпыған індеттің салдарынан білім беру жүйесі радикалды өзгеріске ұшырады. Осы күтпеген өзгеріске біздің ұстаздар қаншалықты дайын немесе дер кезінде икемдене алады ма? Бұл сұрақтың жауабы болашақтың еншісінде. Қашықтықтан оқыту арқылы білім беру кезінде мұғалімдерге көп салмақ түсетіні белгілі, бірақ тек мұғалімге емес оқушы мен ата-ананың жауапкершілігіне де байланысты екенін тәжірибеден көз жеткіздік.

Жоспарлай алу құзіреттілігі

Дәстүрлі оқытудағы секілді қашықтан оқыту барысында да мұғалім алдымен жоспарлай алу дағдысы маңызды. Оқу мақсатына жету үшін таңдалынатын әдіс, саралау үшін іріктелген тапсырма, оқушы әрекетін бағалау үшін жүргізілетін кері байланыс барлығы қашықтан оқыту барысында ыңғайлы болуын ескеру керек. Мұғалім оқу үдерісін туындаған проблемаға сай түрлендіре алуы керек, яғни бір сөзбен айтқанда икемді болуын талап етеді. Таңдалған әрбір әдіс оқушының тапсырманы жеке орындайтынын ескеру маңызды.

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды игеру құзыреттілігі. Мұғалімге пәндік білім, педагогикалық біліммен қатар технологиялық білімнің де ұштасуы керек. Қашықтан оқыту жүйесі бойынша жұмыс істейтін мұғалім оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік білу, олармен іс жүргізу ісін орындай алу дағдысы болуы керек. Қашықтан білім беру үдерісінің негізгі құралы компьютер, интернет желісі, түрлі платформалар. Сондықтан осы құралдармен жұмыс жасауды толыққанды меңгермей қашықтан оқытуды талапқа сай жүргізу қисынсыз.

Оқушы қажеттілігіне сай жұмыс істеу құзіреттілігі

Қашықтан оқыту жағдайында тағы бір ескеретін жайт, сыртқы уәжге қарағанда ішкі уәж айтарлықтай табысқа жетуге ықпал етеді. Ол үшін мұғалім оқушылардың зейінін аударып алатындай, оларға қызықты және еліктіретін тапсырмаларды жоспарлау ұсынылады. Сонымен қатар, мультисенсорлы тапсырмалар, яғни сезім мүшелері қатысатын тапсырмаларды жоспарлау тиімді.

Уақытты дұрыс басқару құзіреттілігі

Қашықтан оқу жағдайында бала өз уақытын тиімді жоспарлауына және өз оқу траекториясын анықтауға мұғалім тарапынан қолдау керек. Себебі бала жаңа жағдайға бейімделуде қиналады және өз оқуын басқаруға дайын болмайды. Сондықтан мұғалім мен ата-ананың міндеті – баланың өзінің эмоциясын басқаруын, өзін-өзі бағалауын және өзінің оқуын жоспарлай алу дағдысын біртіндеп қалыптастыруға ықпал ету.

Өзін өзі реттеу құзіреттілігі

Баланың өзін – өзі реттеу дағдысы қалыптасқанша бірнеше бақылау құралдарын, қалыптастырушы бағалау нысандарын жиі қолдануды қажет етеді. Бір сөзбен айтқанда баланы баға үшін емес, білім алу үшін оқуға жеткізу мұғалімге қойылатын ең бірінші міндет.

Белсенді жұмыс істеуге тарту құзіреттілігі

Қашықтан оқытуда мұғалім үшін маңызды тағы бір дағды ол – позитивті оқу ортасын құру. Егер мұғалім өз оқуында позитивті оқу ортасын құра алса, жаңа идеяларды ойлап тауып, эксперимент жасаудан жалықпаса сәйкесінше оқушылардың ішкі уәжін қалыптастыра алады. Түрлі мазмұнда шығармашылық тапсырмалар, командалық жобалар, кейс-стадилер жүргізіп, тиімді басқара алу мұғалімнің шығармашылықта жұмыс жасауын талап етеді. Сондықтан мұғалім оқушы ынтасын, сабаққа деген белсенділігін арттырудың бірден бір жолы позитивті оқу ортасын құруында. Мұғалім өзінің тәжірибесіне үздіксіз рефлексиялық талдау жүргізіп отыру арқылы, тәжірибесін жетілдіреді. Тиімді оқу ортасын құруын да жақсартады. Оның бірден бір амалы өз тәжірибесін зерттеу десек қателеспейміз. Табысты мұғалімге тән қасиеттерінің бірі өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, кәсіби дамуға қажетті білім, білік дағдыларды игеруге деген ізденіс.

25.03.2021 жыл. № 000071

Көркем еңбек пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

АДАМБЕКОВА АМИНА

Түркістан облысы, Жетісай ауданы.

№ 43 "Қызыл таң" мектебінің

көркем еңбек пәнінен мұғалімі

Көркем еңбек пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым –қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде .

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену – Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- азаматтық нарыққа қатыса алады;
- өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты.

Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау.

Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы.

Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация –оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

- оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану

- сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б.

Көркем еңбек - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты

ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді. Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн .

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады. Көркем еңбек сабағында жобалау әдісін қолдану

Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады.

Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін.

Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды .

Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі.

Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.

2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады

3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады.

4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже:

5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек.

Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады.

Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

* * * * *

25.03.2021 жыл. № 00072

Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

ШОЙБЕКОВА МЕРУЕРТ КАРСЫБАЕВНА

*Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
«А. Тұяқбаев атындағы № 29 ЖОМ» КММ
Математика пәнінің мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы

қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол. Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн. 5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады.

Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

25.03.2021 жыл. № 000073

Жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгереміз

ҚЫДЫРОВА ЖАНАТ КУРМАНБЕКОВНА

*Атырау облысы, Индер ауданы, М.Әуезов атындағы
орта мектептің өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 2006 жылғы наурызда «Қазақстан - өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына жасаған жолдауында:

«Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет»- деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстан бүгінгі күні қарқынды дамыған заман талабына ілесу үшін болашақ ұрпаққа берілетін білім мен тәрбие саналы да сапалы болатындай Отанымыздың жарқын болашағына қызмет ететіндей болуы керек. Елу елдің қатарына өткелі тұрған уақытта сапалы білім болуы қажет. Әрбір қоғам мүшесінің бойында адамгершілік рухани қасиеттерімен орын алуы тиіс.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасы Қазақстандағы ең тиімді бағдарламалардың бірі деп ойлаймыз. Себебі бүлдіршендерді ізгілікке үйретіп тәрбиелеудің ең бір тиімді жолдарын көрсетіп отыр. «Өзін - өзі тану» пәнінің болашағынан үлкен үміт күтеміз.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым - қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаны шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда, қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту жас ұрпаққа тәрбиемен білім беру технологияларын жетілдіруде « Өзін - өзі тану » сияқты бірегей курстың шүбәсіз өзектілігі мен маңызы зор. Оның аясында жалпыадамзаттық құндылық, адамгершілік бағдарларын жоғалтқан қазіргі замандағы технократикалық өркениетті тажалдан – тек адамның рухани көзінің ашылуы, оның өзінің жоғарғы рухани субстанцияға бастапқы қатынасын сезінуі ғана құтқара алуы мүмкін. «Өзін- өзі тану» пәні адамзатқа ортақ, планетарлы импульс пен бір уақытта ұлттың жалпыадамзаттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңірудегі рухани бастаудың қайнар көзі.

« Өзін - өзі тану » пәнінің әлемде теңдесі жоқ пән ретінде Қазақстанның білім беру саласына енгізілгені және рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздерін айқындауға әлемдік рухани тұлғалардың идеяларына сүйене отырып заманауи ғылымдағы рухани бастауларға баса назар

аударылып, Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білімнің маңызын аша түсуде.

Құндылықтар туралы мәселені алғаш рет көтерген Сократтың ой тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, сұрақтар қою арқылы өзгелерді танығандығын, оны игілік тұрғысында қарастырады. Сократ философиясының мақсаты адамды ізгілікке тәрбиелеу деп түсінді және адам оған өзін тану және өзін сынау арқылы жете алады. Оның әйгілі «Менің білетінім – мен ештеңе білмеймін, басқалар оны да білмейді», «Өзіңді - өзің танып біл!», «Әр адамның бойында күн бар, нұр бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріңдер» деген қағидаларының негізгі мазмұны да осы. Сократтың ойынша, белгілі бір асыл қасиет туралы білім жинаған адам сол қасиетке жете алады, бәрі адамның өзіне байланысты, адам тәнін емес, рухын, жанын шыңдауға үнемі ұмтылуы тиіс, себебі, жаны бақытқа бөленген адам ғана бақытты.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне грек философтарынан басталса да, «Өзін- өзі тану» пәні ұлы ғұлама ойшылдарымыздың тұжырымдарына негізделгендігімен құнды. Оны өз заманындағы ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты Жүсіпбек Баласағұнның «Ізгілік ілімі», Қожа Ахмет Яссауидің «Хал ілімі», Әбу Насыр Әл – Фараби «Жан қуаты ілімі», Абай Құнанбаевтің «Толық адам», «Имани гүл ілімдері», Шәкәрім Құдайбергеновтің «Шын адам», «Ар ілімі» тағылым мен тәрбиенің тірегі болуында.

Оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуда «Өзін- өзі тану» пәнінің рөлі **біріншіден**, рухани – адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдылығы, «Өзін- өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи кезеңдері, Заманауи білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа тәсілдемелері. Рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық – педагогикалық негіздері, өзін - өзі тану пәні басқа пәндердің интеграциясы, сабақтан тыс іс - әрекеттер арқылы «Өзін - өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының жүзеге асырылып жан – жақты талдау жасалуда.

Екіншіден, Өзін - өзі тануды оқытудың аксиологиялық аспектілері, Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық және қиянат жасамауды жалпы адамзаттық құндылық ретінде қарастырылған «Өзін - өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі және шынайы көшбасшыға тән адамгершілік қасиеттер айқындалып, нақты мысалдармен дәйекті дәлелдер келтіріледі.

Үшіншіден, «Өзін - өзі тану» пәнінің құрылымдық мазмұндық және әдістемелік сипаттауда сабақтағы жағымды ойлау, әңгімелеу әдісін терең рухани – адамгершілік құндылықтарға бағыттау, ән айту мен музыканың

маңызына жан – жақты тоқталады. Ата – аналармен байланыс жасау жолдары және сыныптан тыс іс – шараларды өткізудегі теория мен тәжірибиенің сабақтастығы қарастырылатыны маңызды.

Төртіншіден, Өзін - өзі тану пәні адам оқу білім алу үшін алдымен қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып - білу арқылы табиғатты аялап, ізгілікке баулу ұлттық тамырдан нәр алады, табиғатқа деген адам көзқарасының дұрыс бағытта болуы оның ой – сезіміне әсер етіп, мінез құлқын жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Бесіншіден, өзін - өзі тану пәнін оқытуда сүйіспеншілік, сенім, шығармашылық шабыт атмосферасын құру, өзін - өзі зерделеуде өзін - өзі интуитивті түрде ұғынуға жағдай жасалады. Рухани адамгершілік білім беру үдерісінде тек жағымды және ізгі әдістерді қолдану көзделуде. Өзін - өзі тану сабақтарындағы жағымды ойлау, жағымды күйге келу әдісін қолдану арқылы: тәртіп, өзін - өзі қадағалау, денсаулық, зейін қою, ақылдың байсалдылығы, ес, интуиция, басқаларға деген сүйіспеншілік, ішкі тыныштық орнатуға болатынын, ішкі тыныштық орнағанда еш уақытта қиянат жасалмайтындығы ақиқат.

Алтыншыдан, өзін- өзі тану пәнінің негізгі идеясында бүгінгі қоғамда білім беруде сыртқы білім: сыртқы дүниені зеттейді, китаби білімге негізделген, қалауларды оятады, дүниеде күн көру үшін қажет деп есептейді, ақыл мен тэнге қарасты мәселелерді шешіп, мұндағы білім беру мақсаты ақпарат берумен шектеледі.

Рухани білім берудің яғни, ішкі маңыздылығы: ішкі рухани қасиеттерді аша ашады, адамның, баланың ішкі дүниесін зеттейді, өмірлік тіжірибиеге негізделген, әрбір адамның жүрегіне жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды, білім беруді өмірлік мақсаттармен байланысты қарастырады, интуицияны дамытады және ақылмен ойлап, жүрекке жүгіне отырып әрекет ететіндігін нақты дәлелдейді.

Жетіншіден, Өзін - өзі тану пәнін өткізетін мұғалім қандай болу керек? деген сауалға жауап іздеуде әрине, көрнекті педагог, ізгілік педагогикасының негізін қалаушы Ш.А.Амонашвили: « Мектепті емес, мұғалімнің рухани дүниесін реформалау қажет » деген ой тұжырымы басты ұстаным ретінде алынған. Оны мына сөздерден көреміз: « Оқушыға білім ұшқынын шашу үшін мұғалім өз бойына телегей теңіз нұр жинау керек. Мұғалім өз сабағын сәулендіретін нұрды қайдан алады? ... Мұғалім өз бойындағы рухани әлемінен алады, егер ол әлем әсемдікке және асқақтыққа толы болса...» деген сөзінен ізгіліктің иісі аңқиды. Ол ізгілік педагогикасының үш постулатын айқындап берді.

Баланың бойындағы рухани адамгершілік білімге сенім.

Өз бойындағы рухани адамгершілік білімге сенім.

Ізгі әдіс – тәсілдердің күшіне деген сенім – болуын үнемі өзі қадағалап отыруы шарт деп есептейді.

Мұғалім – шабытты еңбек етіп, шеберлігінің шыңына жету үшін - баланың таным – түсінігін жете қадағалап, дамыта отырып, рухани бастауларға жол ашу арқылы, оқу әрекетіне қызықтыра білу, ізденіске, жаңалыққа ұмтылдыра алу қажет деп ойлаймыз. Ол үшін мұғалімге басты екі қасиет қажет: біреуі қарапайымдылық, өз кемшіліктерін түсінетін, екіншісі кемелденуге тілек, өз кемшіліктерінен құтылу үшін. Ұстаз деген мамандық Алладан берілген СЫЙ – екенін сезіне білу керек. Сонымен ойымызды қорытындылай келе, оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуда «Өзін- өзі тану» пәнінің алар орны ерекше. « Өзін - өзі тану » пәні жас ұрпақты өмірден өз орнын табуына бағыттай отырып, олардың кәсіби – тұлғалық жетілуін, интеллектуалдық дамуын қамтамасыздандырады, рухани – адамгершілік тәрбиесін жетілдіреді және қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытады. Осындай адами құнды, қоғамдық маңызды құндылықтарды бойларына сіңірген жеткіншектер елімізде қолға алынған жаңашылдық бағыттағы кеңестерге өз үлестерін қоса алатыны ақиқат



25.03.2021 жыл. № 000074

**Ойын технологиясын қолдану арқылы
балалардың сөйлеу тілін дамыту**

ОРЫНБАСАРОВА ЖАДЫРА УЗАКБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Ы.Алтынсарин мектебінің
мектепалды дайындық топ тәрбиешісі*

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірі – ойын технологиясының қолдану арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмысының арқауы болып отыр. Ойын технологиясы дегеніміз- педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны.

Ойын- оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы ,әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Н.Крупская.

Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану – өмір талабы. Сондықтан да оқыту үрдісінде қойылатын қазіргі талаптар тәрбиешіден үлкен ізденіс пен шеберлікті қажет етеді.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету.

Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын- балалар үшін оқу да, еңбек те.

Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметін оқытуда тәрбиеші мен балалар арасындағы жаңа қарым-қатынас қалыптастырып, балалардың берілген тапсырмаларды талдауына, салыстыруына, өз беттерінше әрекет етулеріне, яғни ой еркіндігіне зор маңыз береді. Сөйтіп, балалардың зейін қойып ойлауы мен тапқырлығына мүмкіншілік туғызып, ойларын одан әрі дамытуларына жол ашады. Бүгінгі бала - ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеуші ғалым Ф. Янушкевич «Жаңа технологиялық сабақ педагогтың өз тәжірибесін жаңғыртуға емес, баланың пайдасына, қажеттілігіне арналуы қажет, сонда ғана сапалы нәтиже болады»- деген.

Менің де тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым – балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар, олардың шығармашылық ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Сол себепті ұйымдастырылған оқу қызметін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, құштарлығын танытуға бағыттаймын. Соңғы кездері өз тәжірибемде ойын технологиясының элементтерін қолданып келемін. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын технологиясының элементтері балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға, ойнай отырып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді.

Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені, балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауып отырады.

Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Ойын – бұл баланың өзінше еңбегі. Жалпы өмірде ойынның да қоғамдық мәні бар. Ойын барысында белгілі бір әрекет жасай отырып, бүлдіршін қоғамдық өмірге қатысудың алғашқы үлгісін алады, ересектермен арадағы қарым-қатынастың байланысын түсінеді.

Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған, белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын ұстамдылық тәртіптің көрінісі болып табылады. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады.

Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес» - десе, ғалым Е.А.Покровский өзінің балалардың ойындарына арнаған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді. Ойын – таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, мен – оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отырамын. Баланың ойынында да белгілі бір дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс.

Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын.

Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойын арқылы бала тілін дамыту Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі.

Ойынның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнайды.

Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті - рольді, драматизиялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Сюжетті рольді ойындар - мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті - рольді ойындарының ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті - рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді. Драматизиялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжетті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті - рольді ойынға ұқсас. Драматизия ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Құрылыс ойыны - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс - әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рольді: ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қаралады. Олардың қайнар көзі біреу - қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде кетрлер, стадиондар, театрлар, цирктер т. б. ірі құрылыстар салады. Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тең оқыту формасы болып табылады. Ойын ой мен қимылды ұштастыру негізінде жүргізу керек, Мысалы: «Сиқырлы қақпаның сырын ашайық» деген ойында балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қоядым. Ойын міндеті қақпақтың астында не бар екенін білу.

Дидактикалық ойынның нәтижесіне қандай жолмен болса да жету емес, балалардың білімді игеру, ақыл - ой қызметін дамыту да, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерін көрсетеміз. Дидактикалық ойындарда да

балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережесін ой елегінен өткізе білу т.б.

Олар балалардың, түйсік және қабылдау қабілеттерін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруге көмектеседі Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке - психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимылды ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым - қатынасын, баланың мінез - құлқын анықтайды. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамак» т.б. ойындар жатады. Баланың бірінші даму кезеңі ойын арқылы жетіледі. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, өйткені бала жәй дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді. Ойын — балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рольдік ойындарда барлық балаларға бірдей роль тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал біз тек бағыттаушы боламыз. Рөлдік ойындардың негізгі талаптары Ойын балалардың тілге деген қызығушылығын арттыруы қажет. Сонымен қоса, ең бастысы балалар өздеріне лайықты рольді өзі тандап алған жөн. Сонда ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады. Рольдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс. Бала өзін рольде неғұрлым еркін сезінетін болса, ол соғұрлым қызыға ойнайтын болады. Осындай шарттар бойынша дайындалған материалдар қолданылса ойын соғұрлым жоғары тиімділік береді. Бастапқы кезде балалардың ынта-жігерін бақылап аламын. Сөйтіп, бақылаушы бола бастаймын. Ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай жағдайда баланың қызығушылығы төмендейді. Қандайда болсын ойынды таңдауда баланың жеке психологиялық қабілетін де ескерген жөн. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайтынды. Тапсырмаларды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір –біріне әділ баға беруге үйренеді. Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі . Мен ойын арқылы білімді меңгертіп және оны бекіту үшін дағды мен әдетті қалыптастырамын.

Балабақша жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін өткіземін :

1. Ойыншықпен ойналатын ойындар.
2. Үстел үстінде ойналатын ойындар.
3. Сөздік ойындар .

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар , сондай- ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін , есте сақтауын дамытуға көмектесемін .

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құралады : Дидактикалық тапсырмалар, мазмұн , ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент – дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Қорыта айтқанда , ойын-баланың жан серігі , ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ , оңай көрінуі мүмкін . Ал, іс-жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді . Мектепке дейінгі мекемелелердің оқытудағы негізгі міндеті : сәбилер тобынан бастап балаларға білім, дағды, іскерлікті берумен қатар ойлау қабілеттерін қалыптастырып балаларды ойлау жұмысына дайындау. Ойын араласқан оқу қызметі тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Тілдерді оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану. Алматы 2010ж
2. А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»,

25.03.2021 жыл. № P00008

**Тарих сабағында оқытудың жаңа
технологияларын тиімді пайдалану жолдары**

АХМЕТОВА ЖУПАР МАХСОТОВНА

*БҚО Орал қаласы Сервис және жаңа технологиялар
колледжісінің тарих және қоғамдық пәндер оқытушысы*

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауының негізгі тірегі - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу, тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың білім алуына ерекше көңіл бөлді.

ҚР «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамды қалыптастыруға дамытуға және оның кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағымы күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып табылады. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу әрбір адамға қажет әрі пайдалы. Сонда ғана адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтайды, келешегін де болжай алады. Белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтпағандары кем де кем. Әбу – насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың ең басты кітабы» - дейді.

Тарих сабағының неғұрлым тиімді жаңа түрлерін пайдалану оқушы белсенділігін арттыруда зор маңызды.

Оқытудың жаңа технологиялары:

- **В.Ф.Шаталовтың технологиясының басты мақсаттары:**
- Оқушының білім беру дағдысын қалыптастыру;
- Оқушылардың барлығын оқыту;
- Жеделдете оқыту;

Принциптері:

- Үздіксіз қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, ірі блоктар бойынша оқыту, тірек сигналдарын пайдалану;
- Жекелей әрекет жасау;
- Ізгіліктік (барлық балалар дарынды);
- Мәжбүрсіз оқыту;
- Түзетуге, өсуге, жетістікке жетелеу, жетістігін жариялау, шиеленіссіз оқыту;

Мазмұндық ерекшеліктері:

- Оқу материалы ірілендіріп беріледі;
- Блоктық түрде беріледі;
- Оқу материалы тірек үлгі – конспекті түрінде беріледі;

Тәрбиелік мәні:

2. Еңбекке қатыстырылады;
3. Еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді;
4. Оқушының еркі дамытылады;
5. Өзіндік танымдылығы, жауапкершілік, адалдық, жолдастық, қасиеттері қалыптасады.

Әдістеме ерекшелігі:

Теориялық блогі – Бағыттылық негізі (БН) – ақпаратқа кіріспе (түсіндіру) – айту – үйде өзіндік жұмыс орындау, I-қайталау (тірек сигналы конспектісін жаппай

қабылдау), II-қайталау (түсінгенін сұрау),

III – қайталау (өзара бақылау)

Тәжірибе блогі – тәжірибелік жұмыс (жаттығу) – есеп шығару (жаттығу) – қорытынды: оқушылар білім беру дағдыларын және ойлау қызметінің әдісін жүйелі қолдану.

- Ж.А.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы – нәтижеге бағытталған білім беру құралы.

Деңгейге бөліп оқытудың тиімділігі: біріншіден, оқушының психологиялық танымы, екіншіден, теориялық дайындығы есепке алынуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі. Соның нәтижесінде оқушыда намыс оты оянады, басқалардан қалып

қалмауға тырысады. Бұл технология біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға көмектеседі, өйткені ол оқушының ойлау қабілетін, ынтасын, белсенділігін көтереді. Әр оқушының оқушылық деңгейде білім алуына мүмкіндік береді. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының мақсаты:

1. Мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі білуі;
2. Тиімді шешімді табуға үйренуі;
3. Оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез –келген жағдайда шешуі;
4. Ішкі өзіндік қажеттілігін қанағаттандыратын;
5. Әлемдік білім кеңістігінде көріне алатын;
6. Шығармашыл іс - әрекет жасай алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының ерекшелігі:

Оқушы

білімі анық бағаланады. Белсенділігі артады. Ой еңбегі жетіледі. Белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді. Өзіне - өзі деген сенімділігі артады. Өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға тәрибелейді. Шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмталады, қызығушылығы артады. Зер сала қарасақ, оқушының білімді қабылдау деңгейі сыни баға беруге дейін көтеріледі. Технологияның тиімділігі мен ерекшелігі де осында.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы бойынша «Ғылыми мен білімнің дамуы» тақырыбындағы сабақта деңгейлік тапсырма – сұрақтар беру арқылы сабақты қорытындылады.

Бірінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

1. Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген қала: Отырар
2. Жүсіп Баласағұн дүниеге келген қала – Баласағұн
3. Махмуд Қашқаридың шын аты: Махмуд Хусейн ибн Мұхаммед
4. Ахмет Иүгнекидің шын есімі: Әбід Ахмет Махмұдұлы
5. Қожа Ахмет Иасаудің дүниеге келген қаласы: Сайрам

Екінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

1. Жүсіп Баласағұнидің атақты еңбегі: «Құт негізі – білік»
2. Ахмет Иүгнекидің бізге еңбегі: «Құт негізі – билік»
3. Қожа Ахмет Иайсаудің әкесі, атақты ғұлама ғалым: Ибраһим
4. Қожа Ахмет Иасауден қалған ұлы мұра – «Даналық кітабы» немесе «Диуани – и хикмет»
5. Мұсылман дінінің енуіне байланысты пайда болған ғимарат – Мешіт

Үшінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

- Шығыстың аса көрнекті ғылымы Әбу Насыр әл – Фараби шығармаларын қай тілде жазды? Араб тілінде
- Өз еңбектерінде адам дүниені және оның мәнін өзінің сезім мүшелері мен ақыл – ойы арқылы таниды деп түсіндірген ғалым: әл – Фараби
- Махмуд Қашқаридың еңбегі қалай аталады? «Диуани лұғат ат – түрік»
- Жүсіп Баласағұни «Құтадғу негізі – білік» еңбегін Баласағұнда бастап қай қалада аяқтаған? Қашқарда аяқтаған
- Қожа Ахмет Йасаудің жолын қуған шәкірттерінің бірі – ғұлама ақын, ел ішінде Хакім ата аталған: Сүлеймен Бақырғани

Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясы. Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясының мақсаты: білімді, ұлттық заңдылықтарды бағалай білетін ұстамды, алғыр, жан – жақты дарынды, шығармашылық ізденіс, зерттеу жұмысын жүргізе алатын тұлғаны қалыптастыру. Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясын Қазақстан тарихы пәнінен қоғам қайраткерлерінің өмірі туралы, дүние жүзі тарихы пәнінен әр мемлекет бойынша тақырыптарды өткенде берілген талдау бойынша жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдалану өте тиімді. Сабақ құрылымын жиі өзгертіп отыру – оқушылардың ойлау қабілетіне, өз ойын қорыта айтуға, тарихи деректермен жұмыс істеуге қозғау салады. Пәнге деген қызығушылығын туғызады. Пән бойынша жақсы нәтижеге көрсеткішіне жеткізеді.

«... Бәсекеге қабілетті технологиялар инновациялық экономиканың өзегі ретінде өздігінен пайда бола қала алмайды. Бұл – ұзақ үрдіс, ғылыми зерттеулердің, күрделі де шығынды эксперименттердің және ақыр аяғында, ғалымдардың идеялық нұрлануының қиындықпен келетін жемісі....» деп айтқан тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағам келіп отыр.

25.03.2021 жыл. № P00009

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

БАГИМБЕКОВА АЙНУР АЛИБЕКОВНА

Павлодар қаласы № 25 сәбилер балабақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі.


Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...



«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты:Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап,түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін,түсін,дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бірзатты алғызады. Ол оны сипалап,не екенін ажыратады да сипаттайды,атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты:Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер:бақ пен бақшаның,жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты:бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты:Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер:орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер,тиісті жануарлар.



Ойынның барысы:ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-

бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы

салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса,сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты:жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік:әр түрлі жануарлар,құстар суреті

ойын барысы:әр түрлі жануарлар,құстарды көрсетіп,олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.

25.03.2021 жыл. №000066

Психикалық дамуы тежелген балаларды түзетудің жолдары

АПСАТАРОВА КАЛАМКАС ЕСБОСЫНҚЫЗЫ

Жамбыл облысы білім бөлімінің психологиялық-педогогикалық түзету кабинетінің дефектолог-мұғалімі

Қазіргі уақытта ортамызда болып жатқан әлеуметтік жанұя мәселелері, экологиялық-экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, психикалық аурулары бар әр түрлі жастағы балалардың көбеюіне әкеліп соқтырды. Олар аутизм, психикалық дамуының тежелуі, инфантилизм, жүйке жүйесінің бұзылуы, энурез сияқты түрлі аурулармен ауырады.

Балалардың психикалық дамуының тежелуі туралы айтатын болсақ, оның білімді меңгеру дағдысы толықтай сақталып, деңгейлері өз құрдастарынан 2-4 жылға қалыс қалған баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері әртүрлі болуы мүмкін. Олар басынан өткерген аурулар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Психиатр, невропатологтың зерттеулері бойынша психикалық дамуының тежелуі балада тұмау, малярия, сары ауру, іштегі улану сияқты аурулардан кейін пайда болады. Психикалық дамуының тежелуінің негізгі бұзылыстары интеллектуалды деңгейі көбеюіне таным процестері: зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді.

Бұл балалар өзінің құрдастарынан кеш жүріп, кеш сөйлейді. Олардың салмағы аз, бойы кіші, көп сөйлемейтін, әлжуаз, тез шаршап, көп ауырады. Психикалық дамуының тежелуі бар балалардың оқу үлгерім ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері 2-3 сыныптарда белгілі болады.

Оқу процесінде олардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктері:

- сабақ процесінде жай қосылады;
- оқу материалын жай немесе тіптен қабылдамайды;
- берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды;
- оқу мен жазуы баяу;
- оқыған мәтінді түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды.;
- есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді;
- тез шаршағыш;
- сыныптастарымен аз араласады;
- өз ойын анық айта алмайды.

Мақсаты: ПДТ балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі сырқаттардың салдарынан дамымаған немесе бұзылған функцияларының себептерін, белгілерін, құрылымын мезанизмдерін

зерттей отырып, анықталған кемістіктерді түзету, жетілдіру, толтыру жолдарын, әдістерін, амалдарын іздену және орнын тәжірибеге енгізу. Сөздік қорын молайту, көрнекті сюжетті суреттер мен ертегілер арқылы әнгімелеуге дағдалындыру. Зейін тұрақтылығына арналған жаттығулар арқылы зейінін шоғырландыру. Сенсорлы этолондары мен математикалық ұғымдарын қалыптастыру. Өлшем бірліктері мен бағыт-бағдарлауға үйрету. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Тәжірибелік бақылаудағы баланың жасы: Н.А. – 3 те.

Аңғарымы: Балалар сал ауруы, спастикалық диплегия. Энцефалопатия, церебралды органикалық психикалық дамудың тежелуі. Сөйлеу тілі дамымауының 3-деңгейі.

сурет

Баланы психологиялық-педагогикалық зерттеу

Баланың заттық ойын әрекетінің дамуы

Тексеріс барысында

қолданылған көрнекілік

құралдар Мақсаты Баланың тапсырманы орындауы

Машина, екі сақиналы

пирамида,

қарындаштар, пошта

жәшігі, тұрмыстық

заттар (кесе, қасық,

сүлгі)

Жұмсақ ойыншықтар

(Қоян, күшік) дәрігер

Айболит Заттық ойын әрекетінің дамуын, ережеге сай ойын ойнау дағдысын және заттық іс-әрекеттерін анықтау Тұрмыстық заттарды құрал ретінде пайдалана алмайды. Ойын әрекеттерін қайталай алмайды. Заттарды еркін әрекет барысында қолымен шамалы ғана қозғалтады, қарындашты ұстай алмайды. Сюжеттік және рөлдік ойынға кіріге алмайды, күле береді.

Танымдық әрекетінің дамуы

1. Сенсорлық дамуы (көру арқылы қабылдауы мен зейіні)

Төртбұрыш, үшбұрыш,

домалақ, куб

геометриялық пішіндер.

Қызыл, сары, көк түсті

доптар, шарлар. Ата-

анасының суреті. Пішіндер мен түстерді ажыратуын анықтау. Көріп қабылдауымен зейінін анықтау. Баланың қоршаған адамдар туралы түсінігін анықтау. Заттарды көлемі бойынша және түстерді ажырата алмайды. Өзінің атын атағанда қарамайды, ересек адам өзіне қарап сөйлегенде көз арқылы

қатынасқа түспейді, өзінің дене мүшелерінен басы мен қолын көрсетеді. Суреттегі ата-анасын таниды.

Сөйлеу тілін түсінуін және қарым-қатынас дағдыларын дамыту

Ойыншықтар (қуыршақ,

машина, қоян)

Сюжетті суреттер.

(сүт, тоқаш, кәмпит) Сөйлеу тілінің түсінуін анықтау Сюжетті суреттер арқылы көріп қабылдауын анықтау Қуыршақты бер, ал, машина қайда? қоянды көрсет? деген сөздерге жауап бермейді. Сурет арқылы тамақ түрлерін көрсеткенде бала ым-ишарат арқылы (ням-ням) деген дыбыстар шығарды.

Баланы зерттеуден кейінгі тұжырымдама:

Баланың зейіні шоғырланбаған бір заттан екінші затқа қарай алмасып отырады. Қоршаған орта, өзі, жанұясы туралы түсінігі қалыптаспаған, сюжетті суреттерді көрсеткенде бұрылып немесе зейін қойып қарамайды, сенсорлы этолондары мен математикалық ұғымдары қалыптаспаған. Сөздік қоры аз, түсініксіз тез сөйлейді, байланыстырып сөйлей алмайды, отбасы мүшелерін суреттер арқылы көрсеткенде бала бетіңе қарап күледі, есту, еліктеу әрекеттері қалыптасқан, ойыншықтарды көрсеткенде бала қолын созды, сылдырмақты сылдыратқанда басын көтеріп қарады, қол қимылдары әлсіз, заттық әрекеттері толық қалыптаспаған, ойыншықтарды қолына дұрыс ұстай алмайды, қолын қысуды, көтеруді алға немесе артқа созуды білмейді. Бала өздігінен жүре алмайды, анасының көмегімен ғана еңбектеу арқылы қозғалады, отыра алмайды.

Баланың даму ерекшелігіне қарай жеке дамыту бағдарламасы құрылды:

1-кезең.

Мақсаты Міндеті

Танымдық әрекетінің алғышарттарын дамыту

Сенсорлық дамуы

Көріп қабылдауы мен

зейінін дамыту. Үлкендермен көз қатынасын орнатуға ынталандыру: көз бен ауызға қарауға үйрету. Қайда? деген сұраққа жауап беруді үйрету: өзін табу, өзіне таныс адамдарды суреттер арқылы табуға үйрету. Таныс заттар мен ойыншықтарын бейтаныс заттар арасынан ажыратуды үйрету! (Доп қайда?).

Естіп қабылдауы мен

зейінін дамыту. Дыбыс пен дауысқа реакциясын шақыру.

Есту зейінін дамыту. Үлкендердің дауысын, ойыншықтың сыңғырын және музыкалық аспап сылдырын тыңдауды үйрету.

Айналамен таныстыру. Баланың қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Өзінің атын атағанда қарауға үйрету. Баланың өзінің дене мүшелері туралы түсінігін қалыптастыру.

Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Қоршаған орта заттарымен таныстыру: ойыншықтар, тұрмыстық заттар (киім, аяқ киім, ыдыс-аяқ, жиһаз және т.б.).

Сөйлеу тілін түсінуін дамыту Қарым-қатынас дағдылары мен белсенді сөйлеуін дамыту. «Мысық, қоян қайда?» деген сұраққа көзінің алдындағы ойыншықты көзімен табу және көрсетуді үйрету. Тұрмыста жиі қолданылатын заттардың (киім, ыдыс-аяқ, жиһаз) атауларымен таныстыру. Тұрмыстық және ойын әрекетін білдіретін сөздердің (бер, ал, шеш, жап) мағынасын түсінуге үйрету. Тапсырмаларды түсініп орындауға үйрету: «табақты бер», «қуыршақты алып бер» Баланың айтқан дыбыстарын «қосылып» айту. Сөздерді айтуға талпындыру. - баланың жақындарын атау: мама, папа, апа; - өтініштер: бер, ал; - жануарлардың даусына еліктеу: мяу, бу, пи-пи, аф-аф; - музыкалық ойыншықтар дыбысына еліктеу; бам-бам, тың-тың;

Жалпы қол қимылдарын, ұсақ моторикасын дамыту

Жалпы қол қимылдарын,

ұсақ моторикасын дамыту.

Күш салатын әрекеттерді

дамыту. «Сау бол» деп қол бұлғауға, қарындашты ұстауға, сызуға талпындыру.

Заттар мен күш салатын әрекет жасауға үйрету; сырғыту, итеру, иқысу, басу, тарту, шымшып алу. Заттарды сұқ саусағымен көрсетуге талпындыру; Кәмпиттің қабығын аршуды үйрету.

Жеке дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстардың нәтижелері

1-кезең. Көріп, естіп қабылдауы мен зейінін дамыту. Үлкендермен көз қатынасын орнатуда бала тура қарауды, сөйлегенде ауызға қарауды, суреттер бойынша өзіне таныс адамдарды атауды үйренді. Қайда деген сұрақтарға жауап беруді түсіне бастады. Мысалы: доп қайда, машина қайда т.б. Таныс заттар мен бейтаныс заттардың арасынан ойыншықтарын табуға дағдыланды. Дыбыс пен дауысқа мән беріп қарауды және тыңдауды, сылдырмақтың сыңғырын ажыратуды, музыкалық аспаптардың дыбыстарын зейін қойып тыңдауды үйрене бастады.

Баланың қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Өз атын атағанда бұрылып қарауды, өз дене мүшелерінің аттарын атағанда түсініп, көрсетуді үйренді. Ойыншықтарын машина, доп, екі сақиналы пирамиданы өздігінен шашып жинауға дағдыланып келеді.

Сөйлеу тілін түсінуін, қарым-қатынас дағдыларын, белсенді сөйлеуін дамыту. Қайда сұрағына жауап беруді үйренді. Ойыншықтардың аттарын атағанда қарауды, өзіне таныс ойыншықтарды көргенде дыбыс шығарып көрсетуді үйренді. Мысалы (допты-дөп, мәшинені-бип-бип).

Тұрмыста жиі қолданатын заттардан киіміңді ки, түймеңді түймеле, қасықты қой деген сұрақтарды түсінуді, қолдануды үйренді.

Ойын әрекетін білдіретін сөздерден қорапты аш, ал, жап мағынасын түсініп тапсырманы орындауды үйренді.

Жалпы қол қимылдарын, күш салатын әрекеттерді дамыту. Қолын бұлғап сау бол деп айтылған сөзді, қимылмен көрсетуді үйренді. Допты домалатуды, машинаны итеруді, жұмсақ заттарды қысуды, басуды, кәмпиттің қағазын ашуды өз бетінше орындауды үйренді.

* * * * *

25.03.2021 жыл. №000067

Инклюзивті білім беру өмір қажеттілігі

ОРАЗБЕКОВА ӘСИЯ МАҚСАТБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласы Алатау ауданы № 179 ЖББМ

Логопед маманы

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді

өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп-интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру

саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті білім берудің мазмұны: Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

* жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары:

* мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы

Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаймын. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуға өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді.

Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

МАЗМҰНЫ

- ХАЙДАРОВ МИНАХМЕД ИБРАГИМОВИЧ
- ТУРЕКУЛОВА ЗАРИНА АБАЕВНА
- ПАХИРДИНОВА МАНЗУРАМ МАРЛЕНОВНА
- КОЖАМЖАРОВА АҚШАБАК ЖУМАБЕКОВНА
- ҚОНЫСБЕК АЙДАРБЕК ОРАЗБЕКҰЛЫ
- АДАМБЕКОВА АМИНА
- ШОЙБЕКОВА МЕРУЕРТ КАРСЫБАЕВНА
- КЫДЫРОВА ЖАНАТ КУРМАНБЕКОВНА
- ОРЫНБАСАРОВА ЖАДЫРА УЗАКБАЕВНА
- АХМЕТОВА ЖУПАР МАХСОТОВНА
- БАГИМБЕКОВА АЙНУР АЛИБЕКОВНА
- АПСАТАРОВА КАЛАМКАС ЕСБОСЫНКЫЗЫ
- ОРАЗБЕКОВА ӘСИЯ МАҚСАТБЕКҚЫЗЫ